№1педагогикалыққеңестің
шешімінде қабылданды
(2023 жылғы 31 тамыздағы №1 хаттама)

БЕКІТЕМІН
МКҚК «Жанна» бөбекжай- бақшасының
меңгерушісі ______ Ж.Макулбекова
« 31 » тамыз 2023 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2023-2024 оқу жылына арналған**
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

## Ортаңғы топ

| Айы | | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| Қыркүйек | **Физикалық қасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру.** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден жүру;<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру,<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.** Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық<br>**Тепе - теңдікті сақтау**. Тепе-теңдікті сақтай отырып, көлбеу тақтай (20-30 см), тақтайдың бойымен жүру.<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру,<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қыркүйек | | | үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалармен өзбетінше ойнауға ынталандыру<br>Спорттық жаттығулар:<br>Үш дөңгелекті велосипедті тебу. |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә) дыбыстарды дауыссыз (п,б) анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді жіктелуіне, , зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Суреттерді, қарастыруда, балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. |
| | | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірін тыңдау. Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. |
| | | **Қазақ тілі.** | **Дамытушы тілдік орта**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, тілдік тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттардың атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын сөздерді, жемістердің,көкөністердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу;**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | **Математика негіздері** | **Сан**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу, біртекті і заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету<br><br>**Шама**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа,биік –аласа ) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, ұзын-қысқа, бірдей, сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау |
| | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер) бейнелеу.<br>Сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Мүсіндеу.** | Сазбалшықтан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, мүсіндеуге үйрету.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштерді, ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдану<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Музыка** | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>Музыка тыңдау<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балғашық)дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, әнді айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту,<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау,<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен секіру.<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сылдырмақ, маракаспен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. |
| | **Әлеуметтік-** | **Қоршаған** | **Бала, оның отбасы, үйі:** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **ортамен таныстыру.** | «Мен» бейнесін, өзінің және құрдастарының жыныстық тиістілігін, өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, оларға өзін жақсы көргені, қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу.<br>**Заттық әлем**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру,заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>**Көлік, байланыс құралдары**<br>Көлік құралдарының түрлерімен қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.<br><br>**Адамгершілікке баулу**<br>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту,<br>**Менің Отаным - Қазақстан**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл туралы білімдерін қалыптастыру<br>**Өсімдіктер әлемі**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. дала гүлдерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

| **а** | **Дағдылар** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қазан | **Физикалық қасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру.** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Бірқалыпты, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру<br><br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), (20-30 см), бойымен жүру,<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.** Заттарды төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру (2,5-5 м қашықтық),<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып еңбектеу,<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру,<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>***Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:***<br>қолды жоғары, алға, көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>қолдарын алдына және артқа апарып шапалақтау;<br>***Кеудеге арналған жаттығулар:***<br>солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>***Аяққа арналған жаттығулар:***<br>аяқтың ұшына көтерілу,<br>қолдарды алға созып, жартылай отыру,<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету,<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура тебу; |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, ) және кейбір дауыссыз (п-б,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын заттарды жалпы (ойыншықтар, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | **Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді жіктелуіне, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. |
| | | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Жаңа ертегілерді, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, ,<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| | | **Қазақ тілі.** | **Дамытушы тілдік орта**<br>бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, тілдік тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе»), тұрмыстық заттардың (жиһаздар, ыдыстар) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім,) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу;**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | **Математика негіздері** | **Сан**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), «Қанша» сұрағына жауап беру.<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?»,<br>**Шама**<br>Екі затты өлшемі бойынша (биік-аласа,) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, бір затты екінші затпен беттестіру тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында,<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде |
| | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі ойыншықтарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Мүсіндеу.** | Сазбалшықтан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, мүсіндеуге үйрету.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ойыншықтар). Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.<br>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру<br>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштерді, ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.<br>бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру,<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Музыка** | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>балалар музыка аспаптарының (сылдырмақ, маракас,.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), байқауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br><br>**Ән айту**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен жүруге үйрету.<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау,<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен Заттармен музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден ырғақты қимылдар орындау.<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау,<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: металлафон, қоңырау, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға, оларға өзін жақсы көргені, қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу.<br>Заттық әлем<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру<br>Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру. ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну,<br>Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілікке баулу**<br>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбеккор, ұқыпты) аудару.<br>**Менің Отаным - Қазақстан**<br>Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

| **Айы** | | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|---|
| **Қараша** | **Физикалық қасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру.** | **Негізгі қимылдар:**<br>Жүру; сапта екеуден (жұппен) жүру; шеңбер бойымен, жүру<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** арқан бойымен жүру.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты тура, шеңбер бойымен, «жыланша»,<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**. Допты кеуде тұсынан лақтыру<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу;<br>**Секіру.** алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>***Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:***<br>заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>**Кеудеге арналған жаттығулар:**<br>допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;<br>***Аяққа арналған жаттығулар:***<br>аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;<br>қолдарды алға созып, жартылай отыру,<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу,. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, оңға және солға бұрылып тебу; |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а-ә) және кейбір дауыссыз (к-қ,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу.<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (киім, аяқ киім,) белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді септелуіне қарай байланыстыру,<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну |
| | | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру.<br>Жаңа ертегілерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |
| | | **Қазақ тілі.** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді «аға», «іні»), жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу;**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | **Математика негіздері** | **Сан**<br>Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, «Қанша» сұрағына жауап беру.<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?»,<br>**Шама**<br>Екі затты өлшемі бойынша (артық-кем) салыстыру. бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау |
| | **Шығармашылық** | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (ыдыс-аяқ,), бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** | | бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Мүсіндеу.** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру.<br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.<br>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін:, цилиндрлер, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Музыка** | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>балалар музыка аспаптарының (барабан,) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мазмұнын түсіну.<br>**Ән айту**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, айту).<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Музыкамен, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүруге үйрету.<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өзбетінше бастау және аяқтау.<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: барабанмен сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған барабанды (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>«Мен» бейнесін, өзінің және құрдастарының жыныстық тиістілігін, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға, оларға өзін жақсы көргені, қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу.<br>Заттық әлем<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>Көлік, байланыс құралдары<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Еңбекке баулу<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>Адамгершілікке баулу<br>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>Менің Отаным - Қазақстан<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Өсімдіктер әлемі<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі**<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

| Айы | Дағдылар | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| Желтоқсан | **Физикалық қасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру.** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып жан-жаққа баяу айналу.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), бойымен жүру,<br>**Жүгіру.** шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру,<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.** допты кеуде тұсынан лақтыру. Допты жоғары лақтыру, қағып алу.<br>**Еңбектеу, өрмелеу**. Арқанның астымен (биіктігі 40 см), еңбектеу; саты бойымен өрмелеу<br>**Секіру.** заттарды айналып және заттардың арасымен секіру<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар**. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар***<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;<br>қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту,<br>***Кеудеге арналған жаттығулар:***<br>аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен)<br>***Аяққа арналған жаттығулар:***<br>кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br>**Қимылды ойындар**<br>балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Спорттық жаттығулар:** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Кейбір дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту , жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын заттардың ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді жіктелуіне, зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.<br>Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Жаңа әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. |
| | | **Қазақ тілі.** | Дамытушы тілдік орта<br>ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өзбетінше кітаптарды қарауға, баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, тілдік тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән қ, дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді «апа», «қарындас» және т.б.), тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, тақпақтар жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу;**<br>Ойыншықтарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | **Математика негіздері** | **Сан**<br>біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу,<br>**Шама**<br>Екі затты өлшемі бойынша бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Сөздерді жіктелуіне, зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.<br><br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында,<br>**Уақытты бағдарлау**.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау таңертең-кешке. |
| | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (жануарлар) заттарды бейнелеу.<br>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.<br>қызыл, сары, негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт) қолдану.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Мүсіндеу.** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру.<br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды түрлендіру әдістерін қолдану<br>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы кілем жасау.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру<br>негізгі құрылыс бөлшектерін:, цилиндрлер, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Музыка** | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>балалар музыка аспаптарының (металлофон, ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: қарқыны (жылдам-баяу), байқауға үйрету.<br>**Ән айту**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, айту).<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Музыкамен, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі үйрету.<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өзбетінше бастау және аяқтау.<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау,<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: металлафонмен сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға, оларға өзін жақсы көргені, қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу.<br>**Заттық әлем**<br>Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>**Көлік, байланыс құралдары**<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>**Адамгершілікке баулу**<br>балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр,) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным - Қазақстан**<br>Қазақстан Республикасының астанасы туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру<br>**Өсімдіктер әлемі**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. көкөністер мен жемістерді тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі**<br>. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

| Айы | Дағдылар | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| Қаңтар | **Физикалық қасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру.** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен қол ұстасып, тоқтап, бұрылып жүру,<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып тура жолмен, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.** белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.** Заттарды оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м қашықтық),<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта доғаның астымен (биіктігі 40 см) арқылы еңбектеу;.<br>**Секіру.** 15-20 см биіктіктен секіру,<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Саптағы өз орнын табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;<br>қолды алға, жан-жаққа созу<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;<br>аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен),<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>қолдарды алға созып, жартылай отыру, , кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Спорттық жаттығулар:** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау; |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты (ұ) және кейбір дауыссыз (ж-ш,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыру, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, |
| | | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Жаңа ертегілердегі кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>Балаларды шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| | | **Қазақ тілі.** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, тілдік тыныс алуды, естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ү, дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде табиғат нысандарының атауларын (далада қар жауды, боран соқты, мұз қатты)өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>Баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | етістік) бекіту.<br>**Байланыстырып сөйлеу;**<br>Заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | **Математика негіздері** | **Сан**<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама**<br>заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол. |
| | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, дөңгелек пішінді (шарлар) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.<br>Бір заттың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Мүсіндеу.** | ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік.) таныстыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру.<br>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.<br>Жапсыруда қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (бүктеу, қатпарлау).<br>Геометриялық фигуралардың (шаршы) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе, орамал және т.б. жасау.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Құрастыру** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға қарап зерттеуге өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Музыка** | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (асатаяқ, тұяқ,.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.<br>**Ән айту**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (созып айту).<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Музыкамен, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды өзбетінше бастау және аяқтау.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден ырғақты қимылдар орындау.<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өзбетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғымен ойнау, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Заттық әлем**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру. Кітаптарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары**<br>жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | **Адамгершілікке баулу**<br>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі**<br>табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

| **Айы** | **Дағдылар** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|---|
| **Ақпан** | **Физикалық қасиеттерді дамыту** | | **Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Бірқалыпты жартылай отырып, бұрылып жүру.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты, сапта бір-бірден, белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.** аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне лақтыру<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта көлбеу модуль бойымен еңбектеу; саты бойымен өрмелеу<br>**Секіру.** ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру, шеңбердегі өз орнын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше;<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Өрмелеу дағдыларын мәнерлі орындауға баулу.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау; |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Кейбір дауыссыз (ж-ш,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын заттарды жалпы (ыдыс, жиһаз) ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>Сөздердің жіктелуін, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға тәрбиелеу<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| | | **Қазақ тілі.** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, тілдік тыныс алуды, естуді дамыту.. Қазақ тіліне тән ә, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу;**<br>Ойыншықтарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | **Математика негіздері** | **Сан**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама**<br>Екі заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру,<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауоң-сол. |
| | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін** | **Сурет салу** | Көлденең және дөңгелек пішінді (бұлттар) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **дамыту** | | композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, жасыл, көк, негізгі түстер мен олардың реңктерін (көгілдір) қолдану.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Мүсіндеу.** | ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ойыншықтар).<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен ( жүзік.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Жапсыру** | Қазақ халқының ұлттық тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.<br>Жапсыруда қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау,).<br>Геометриялық фигуралардың (шаршы) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы алаша жасау.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызба үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау.<br>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі |

| | | |
|---|---|---|
| | | бойынша, ойдан құрастыру. |
| | **Музыка** | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау**<br>музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының, асатаяқ,тұяқ, сырнай және т.б.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.<br>**Ән айту**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өзбетінше бастау және аяқтау.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: Заттармен музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: металлафон, қоңыраумен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда (асатаяқ,тұяқ, сырнай) және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды** | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Заттық әлем**<br>Зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **қалыптастыру** | | көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру. Ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>**Еңбекке баулу**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру..<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге баулу.<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілікке баулу**<br>Балаларда әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (жанашыр, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру., бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қыс мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

| Айы | Дағдылар | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| Наурыз | **Физикалық қасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру.** | **Негізгі қимылдар:**<br>Жүру. арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, айналу.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты жүгіру, қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру,** 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, туннель арқылы еңбектеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 м).<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен сызықтан секіру,<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау,<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.Еңбектеу дағдыларын, ептілікті, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>Спорттық жаттығулар: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, оңға және солға бұрылып тебу; |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу.<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді септелуіне қарай байланыстыру зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.<br>ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| | | **Қазақ тілі.** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді ата, әже, әке, шеше және т.б.), төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, тақпақтар жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға ( зат есім, сын есім, және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу;**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту,<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| | **Танымдық және** | **Математика** | **Сан** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **зияткерлік дағдыларды дамыту** | **негіздері** | Заттардың санын ажыратуға үйрету. қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.<br>**Шама**<br>бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін жалпы шамасы бойынша белгілеу.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде. |
| | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** | **Сурет салу** | әр түрлі пішіндегі (жануарлар), дөңгелек пішінді (күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Мүсіндеу.** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ойыншықтар).<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (сырға,.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. |
| | | **Жапсыру** | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру<br>Геометриялық фигуралардың (үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы орамал және т.б. жасау.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Құрастыру** | негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Музыка** | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (домбыра, гитара, балалайка.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.<br>**Ән айту**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өзбетінше бастау және аяқтау.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: Заттармен музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: қоңырау, сылдырмақпен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | Бала, оның отбасы, үйі:<br>Отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға, оларға өзін жақсы көргені, қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу.<br>**Заттық әлем**<br>Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру.. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну<br>**Еңбекке баулу**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен карауға, оларға ұқыптылықпен карауға баулу.<br>**Адамгершілікке баулу**<br>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамытужақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным - Қазақстан**<br>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктем мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

| Айы | Дағдылар | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| Сәуір | **Физикалық қасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру.** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.**, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), жүру.<br>**Жүгіру.** тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**. Допты жоғары лақтыру, қағып алу.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 м).<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен, ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Саптағы өз орнын табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (кезекпен);<br>саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>отырып аяқтың бақайларымен таяқты, қысып ұстау,<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, кеңістікті бағдарлауға, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын,ептілікті, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу; |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Дауысты (о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор:**<br>сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін (мақта-ағаш,шыны, рәзіңке), заттарды жалпыбелгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| | **Көркем әдебиет** | **Көркем әдебиет** | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Жаңа ертегілерді, тыңдай білуге<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>Балаларды шағын өлеңдерді жатқа айтуды дамыту. |
| | | **Қазақ тілі.** | **Дамытушы тілдік орта**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>Баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу;**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | **Математика негіздері** | **Сан**<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама**<br>Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол. |
| | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** | **Сурет салу** | дөңгелек пішінді (күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.<br>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қара, ақ негізгі түстер мен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | олардың реңктерін (сұр) қолдану.<br>асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Мүсіндеу.** | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (тұмар.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Жапсыру** | . Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.<br>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Құрастыру** | негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, ірі құрлыстармен дайын болған құрылыспен бірге ойнату.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Музыка** | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балғашық, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ,тұяқ, сырнай және т.б.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өзбетінше бастау және аяқтау.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өзбетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен ойын ұйымдастыру<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Заттық әлем**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру.<br>Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілікке баулу**<br>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі**<br>табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктем мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

| **Айы** | **Дағдылар** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|---|
| **Мамыр** | **Физикалық қасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру.** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Бірқалыпты, сапта екеуден (жұппен) әртүрлі бағытта жүру.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты,тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.** Допты төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу, қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 м).<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен, тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру**. Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;<br>қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру,<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>солға, оңға бұрылу<br>аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту<br>Аяққа арналған жаттығулар:<br>аяқтың ұшына көтерілу,<br>қолдарды алға созып, жартылай отыру<br>отырып, біліктің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу; |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту(құстар, гүлдер), қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| | | **Көркем әдебиет** | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуын дамыту |
| | | **Қазақ тілі.** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Қазақ тіліне тән  дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде  түрлі балалар әрекеттерінде  табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын  тұрмыстық заттардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар,жаңылтпаштарды  жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу;**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | **Математика негіздері** | **Сан**<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| | **Шығармашыл** | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (жәндіктер мен құстар), дөңгелек пішінді (гүлдер) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **ық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** | | сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Мүсіндеу.** | Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (балдақ)таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | **Жапсыру** | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).<br>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | | | қамырдан мүсіндеуге қызығушылық таныту, үйрету |
| | | | Сюжеттік жапсыру.<br>Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету. |
| | | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдану, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.<br>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | | **Музыка** | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу.<br>**Музыка тыңдау**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.<br>**Ән айту**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өзбетінше бастау және аяқтау.<br>Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау,<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өзбетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>«Мен» бейнесін, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | арқылы тануды қалыптастыру.<br>Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру<br>Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Еңбекке баулу**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен карауға, оларға ұқыптылықпен карауға баулу.<br>**Адамгершілікке баулу**<br>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным - Қазақстан**<br>Өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі**<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктем мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |